

Түркістан облысы, Арыс қаласы, Байыркүм ауылдық округі

ЖШС «Самурық» балалар бақшасы

02-15

Әдістемелік кеңес хаттамалары

Бекітемін:
«Самұрық» балалар бақшасы ЖШС-нің
менгерушісі: *Г.Саухимова* Г.Саухимова

2024-2025 оқу жылының әдістемелік кеңес жоспары

Әдістемелік кеңестің мақсаты – мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағыт-бағдар беру және инновациялық педагогикалық тәжірибелерді енгізу.

Әдістемелік кеңестің басты міндеттері:

- Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- Педагогтардың кәсіби шеберлігін жетілдіру, тәжірибе алмасу алаңын құру;
- Оқу-тәрбие құжаттарын жүйелеу және заманауи талаптарға сай жүргізу;
- Цифрлық трансформация, инновациялық технологиялар мен ЖИ (AI) құралдарын енгізуді үйлестіру;
- Балалардың дамуын, бейімделуін, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдарын қарастыру;
- Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық пен серіктестікті нығайту.

№	Тақырыптары	Мерзімі	Жауапты
1	№1 әдістемелік кеңес отырысының тақырыбы: "Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын бекіту" 1. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылып, бекіту. 2. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы 3. «Педагогердің міндетті құжаттарын карау» тақырыптық бақылау қорытындысы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы. 4. «2024-2025 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері» 5. Ағымдағы мәселелер.	Қыркүйек	Әдіскер, тәрбиешілер
2	Тақырыбы: "Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары" Мақсаты: Қазіргі мемлекетіміздің білім беру саласындағы алдына қойып отырған басты мақсаты-замаң талабына сай кәсіби тәрбиешілерді қалыптастыра отырып білім берудің ұлттық моделін	Желтоқсан	Әдіскер, тәрбиешілер

	<p>калыптастыру.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту. 3. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысының барысы 4. Ағымдағы мәселелер 		
3	<p>Тақырыбы: <i>"Қазақ тілін оқыту саясаты – оқыту процесінде"</i> Мақсаты: еліміз егемендік алғаннан бері қазақ тілін оқыту,оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібіне бекітілген.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері»ойын жаттығуы . 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік-коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру»тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама 4.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгерту бойынша аралық мониторинг қорытындысы. 5.Ағымдағы мәселелер 	ақпан	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар
4	<p>Тақырыбы: <i>"Әдістемелік кеңестің өткен жылғы жұмысын қорытындылау"</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен әдістемелік кеңестің шешімі туралы. 2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау 3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг 9. Жазғы сауықтыру іс-шараларын бекіту. 	мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер, педагогтар

Орындаған әдіскер:  Ж.Ескараева

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №1

Тақырыбы: «Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап бекіту»

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Күні: 12.09.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту
2. «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы
3. «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау қорытындысы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын менгеру бойынша бастапқы мониторинг қорытындысы.
4. «2024-2025 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылап, бекіту.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында әдістемелік тақырып таңдау керектігі туралы айтты. Қазіргі кезеңде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту педагогтар тарапынан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан педагогтардың әрбір іс-әрекетті жаңаша түрде, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін өту дағдыларын жетілдіруді талап етеді. Қазіргі заман талабына сай тәрбиеленушілерге жаңа технологияларды тиімді пайдалана отырып, білім мен тәрбие беруді ойластыру қажет. Сондықтан педагогтардың ізденіп, жаңаша жұмыс жасауларын қадағалап, бақылауға алу және оны әдістемелік бірлестік жұмысының жоспарына енгізу қажет. Әдістемелік бірлестік жұмысын жүйелі жоспар түрінде жүргізіп отырғанда ғана өз нәтижесіне жетері сөзсіз. Олай болса, әр ісімізді сүйіспеншілікпен, қызыға атқаруға тырысайық, - деді.

Шешім: Әдістемелік бірлестік жоспары бекітілуге ұсынылсын.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Жаңа оқу жылына дайындық» тақырыптық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева жаңа оқу жылына дайындықты тексеру мақсатында өткен тақырыптық бақылау нәтижесіне тоқталып өтті. барлық топта жеткілікті деңгейде заттық-дамытушы ортасы құрылған. әрбір баланың жалпы әсері жақсы: топтарда таза, артық ештеңе жоқ, қандай да бір

1. Барлық топ тәрбиешілері ресімдейтін құжаттама нормативтік талаптарға, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің істер номенклатурасына, Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.

2. Топ тәрбиешілерінің ағымдағы құжаттамасын жүргізудің жалпы жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Шешім: тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. «Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау» тақырыптық бақылау болып өтті. Мониторингтік зерттеудің мәні тәрбиеленушілердің Үлгілік оқу бағдарламасын игеруінің мақсатты бағыттары болып табылады.

Жылдық жұмыс жоспары, мектепке дейінгі білім беру сапасын мониторингілеу туралы әдістемелік ұсыным, мектепке дейінгі білім беру сапасын ішкі бағалау жүйесі туралы ереже негізінде мекеме педагогтары тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеру нәтижелеріне мониторинг жүргізді. Мониторинг дамудың 5 бағыты бойынша жүргізілді: физикалық дамуы, коммуникативтік даму, шығармашылық даму, танымтық дамыту, әлеуметтің даму. Барлығы 75 тәрбиеленуші тексерілді.

Педагогикалық талдаудың нәтижелері оқу жылының соңында прогрессивті динамикада бағдарламалық материалды игерудің жоғары және орташа деңгейлері бар балалардың басым болуын көрсетеді, бұл балабақшадағы білім беру қызметінің нәтижелілігін көрсетеді.

Қорытынды: балалардың үлгілік оқу бағдарламасын игеруін қорытындылай келе, балалардың дамуының базистік деңгейі, жеткілікті деңгейде қамтамасыз етіледі деп айтуға болады. Педагогикалық ұжым балалардың жалпы даму деңгейін арттыруға және олардың мектепке дайындығын жақсартуға бағытталған балаларды тәрбиелеу мен оқытудың барлық әдістері мен тәсілдерін пайдаланады. Сонымен қатар, аралық мониторингке дейін қажет: педагогикалық ұжымның сөздікті қалыптастыру, келісімді сөйлеуді дамыту бөлігінде балалардың сөйлеуін дамыту жөніндегі жұмысын жетілдіру қажет, - деді.

Шешім: тақырыптық бақылау қорытындысы қанағаттанарлық.

IV ТЫҢДАЛДЫ: «2024-2025 оқу жылында оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері»

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Мемлекет басшысының және Үкіметтің тапсырмаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2024-2025 жылдарға арналған жаңартылған тұжырымдамасының негізгі бағыттарын атап өтті.

Педагогтер балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ерекше назар аударуы керек.

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2024-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыруға сәйкес жаңа оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесіне енгізу үшін балалардың қауіпсіздігіне байланысты тақырыптар енгізіледі. Маңызды саналы өзара іс-қимыл – бұл педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылық, тыңдау, қолдау көрсету, жылы көзқарас таптыру, топта эмоционалды жайлылық орнату, мүдделер мен қажеттіліктерді құрметтеу, жетістіктерге қуану, балалардың бастамаларын қолдау болып табылады.

Сонымен қатар, педагогтер тәрбиелеу-білім беру процесінде стандарттың талаптарын ескеруі, үлгілік жоспарының нормативтік оқу жүктемесін орындауы, үлгілік бағдарламаны іске асыруы, тәрбиеленушілердің жасына, психофизиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес нысандарын, әдістерін, тәсілдерін, құралдарын қолдануы қажет. Сонымен бірге, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстарын ұйымдастыру ата-аналармен жұмыс жоспарына енгізіледі және балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған. Жылдық жоспарға сәйкес жұмыстардың орындалуы басшылыққа алынады. Топтардың ата-аналар жиналыстарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және осы мектептер бойынша жұмыстарды талқылау ұсынылады, - деді.

Шешім: оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруда нормативтік құжаттарды басшылыққа алу.

У ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Қарттар күні мерекесіне орай барлық топта жоспарға сай ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілітінін айтты. Қазан айында өтетін «Алтын күз» мерекесін ата-аналардың келісімімен өткізіліп, 25 қазан Республика күні ауқымды түрде ата-аналардың қатысуымен өтілетінін және тәрбиешілер бұл мерекелердің сценарийлерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді,- деді.

Қаулы етті

1. Жаңа оқу жылында әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа алу.
2. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстары бақылауға алынып, жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:



Ж.Ескараева

П.Жунисова

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №2

Тақырыбы: «Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары»

Жүргізілу түрі: конференция

Күні: 12.12.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту
3. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысының барысы.
4. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева өткен әдістемелік кеңес шешіміне тоқталып өтті. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуда 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілуде. Педагогтар Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес топтардың жас ерекшеліктеріне сәйкес перспективалық жоспарын жасап, балаларды тәрбиелеу мен оқыту циклограммасын уақытылы жүргізуде. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстары бақылауға алынып, жоспарға сәйкес жүргізілуде, - деді.

II ТЫҢДАЛДЫ: Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту

СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Әбілхан сөз алды. Бүгінгі таңда дамып келе жатқан заттық-дамытушы ортаны құру мәселесі ерекше өзекті болып табылады. Бұл мектепке дейінгі білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты ерекше назар аударады. Заттық дамытушы ортасының орталығында оның сұраныстары мен қызығушылықтары бар бала тұр, ал білім беру мекемесі (педагогикалық ұжым) әр тұлғаның өзіндік ерекшелігін, бірегейлігі мен даралығын дамытуға бағытталған сапалы білім беру қызметтерін ұсынады.

Топта өзін - өзі дамытуға жағдай жасағанда, ұлдар мен қыздар басқаша қарап, көреді, тыңдайды және естиді, басқаша сөйлейді және үндемейді, сезінеді және сезінеді. Сондықтан ұлдарға қыздарға қарағанда көбірек орын қажет, олар күн сайын бірдей нәрсені жасай алмайды. Бірақ қыздар да, ұлдар да шығармашылық, ізденіс, жаңа идеяларды ұсыну, жаңа міндеттерді шешуде бұрынғы білімдерін жаңарту тәжірибесін алуы керек. Сенсорлық әсерлердің әртүрлілігі мен байлығы, топтағы әр орталыққа еркін көзқарас мүмкіндігі екі жыныстағы оқушылардың эмоционалды және интеллектуалды дамуына ықпал етеді, - деді.

Шешім: Заттық-дамытушы ортаны толықтыру жандандырылсын.

III ТЫҢДАЛДЫ: «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмысының барысы.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру үшін отбасы мен МДҮ-ның тығыз ынтымақтастығы қажет.

Бұл бағыттарды іске асыруда биылғы әдістемелік нұсқаулық хатта балабақшалар жанында «Әжелер мектебін», «Аналар мектебін», «Әкелер мектебін» ұйымдастырудың маңызы зор екендігі нақты көрсетілген. Бұл шағын қауымдастықтың міндеті - ата-аналар мен балалардың арасында қарым-қатынас мәдениетін дамыту, өзара түсіністік, екіжақты сыйластық, сыпайылық сақтау, мейірімділік таныту, үлгі болу (ата-аналар, педагогтер және басқалар үшін), ұрпақтар сабақтастығын тәрбие жүйесіне енгізудің тиімді жолдарын қарастыру.

МДҮ және отбасы тандемінде ұрпақтар сабақтастығының икемді және қолайлы жағдайларын жасай отырып, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтар көзі болып табылатын өмір бойы жалғасатын процесс ретінде тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру барысында осы үш мектеп аясында жоспар жасалынып жұмыстар жүргізілуде, сонымен қатар жоспар бойынша үш топта, әкелер, аналардың қатысуымен ата-аналар жиналысы өтілді. Балабақшадағы «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстары жыл бойы жалғасын тауып, ата-аналарды тарту керек,-деді.

Шешім: Балабақшадағы «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстары қанағаттанарлық.


IV ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Желтоқсан айында өтетін тәуелсіздік мерекесіне «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын үйлестіру. Мерекенің ұйымдастырылып өткізілуіне тәрбиешілер мен әдіскер жауапты екендігін айтты. Аудандық және облыстық деңгейде өтіліп жатқан балалар конкурсы мен педагогтер конкурсына қатысуды ұсынды және ол өздерінің біліктілік деңгейін арттыруға көмектесетінін айтты.

Қаулы етті

1. «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі» жұмыстары бақылауға алынып, жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Ж.Ескараева

Хатшы:



П.Жунисова

"Самұрық" балабақшасы" ЖШС
Әдістемелік кеңес отырысының
Х А Т Т А М А С Ы №3

Әдістемелік кеңес тақырыбы: «Қазақ тілін оқыту саясаты-оқыту процесінде»

Жүргізілу түрі: Презентация

Күні: 12.02.2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік - коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы
5. Ағымдағы мәселелер.

I ТЫҢДАЛДЫ: №2 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы
СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. Балабақшада «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» біртұтас тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес жүргізілуде. Педагогтар ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізе білді.

Шешім: өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: «Тәрбиеленушілердің сөздік қорын дамытуда ойынның әсері» ойын жаттығуы
СӨЙЛЕДІ: тәрбиеші А.Халық мектепке дейінгі жаста бала құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға, мектепте сәтті оқуға, әдебиетті, теледидар мен радио хабарларын түсінуге мүмкіндік беретін сөздікті меңгеруі керек, сондықтан мектепке дейінгі педагогика балалардағы сөздіктің дамуын сөйлеуді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырады.

Балалармен сөздікті қалыптастыру, байыту және белсендіру жұмыстарын жүргізе отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі тәрбиешілер дидактикалық ойындарды кеңінен қолданады, деп балалардың сөздік қорын дамытатын ойын түрлеріне тоқталып, соңында педагогтармен ойын өткізді.

Шешім: балалардың сөздік қорын дамыту жұмыстары бақылауға алынсын.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: «Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік - коммуникативтік дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыру» тақырыптық бақылау нәтижелері бойынша анықтама.

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. Тексеру барысында балалармен әлеуметтік дағдыларды дамыту бойынша жеке жұмыстың перспективалық жоспарлары және циклограмма талданды. Әлеуметтік-коммуникативтік даму міндеттерін шешу бойынша негізгі білім беру бағдарламасын іске асыру барысында балалардың әлеуметтік құзыреттілігін тәрбиелеуге жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Топтарда балалармен достық қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша жеке әңгімелер өткізіледі, тәрбиешілер бір-бірін ренжітпей, ойыншықтарды таңдамай ойнау қабілетін қалыптастырады, бірақ ойын жағдайларын сирек қолданады. Тәрбиешілер балалардың ойыншықтармен бөлісуге, ортақ ғимараттар жасауға, балаларды бірлескен сюжеттік әрекеттерге шақыруға шақырады. Өмір қауіпсіздігі туралы қарапайым білімді қалыптастыру бойынша жеке жұмыс жүргізіледі (балабақшадағы, үйдегі, көшедегі мінез-құлық), бұл күнтізбелік жоспарлауда және қауіпсіздік журналында көрсетілген.

Балабақшада мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде; білім беру-тәрбие процесінде мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім беру салаларының интеграциясы байқалады; топтарда әлеуметтік-коммуникативті дамуға ықпал ететін негізгі түрлер ретінде қарым-қатынас пен ойын қызметін дамыту үшін жағдайлар жасалған. Анықталған ескертулерді көрсетілген мерзімде түзету ұсынылды, деп ұсыныстарға тоқталып өтті.

Шешім: «Әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту» бағытын іске асыру жөніндегі балабақша жұмысы қанағаттанарлық.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша аралық мониторинг қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева

V ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер.


СӨЙЛЕДІ: Әдіскер Ж.Ескараева алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Наурыз айында өтетін Аналар мерекесіне тәрбиешілер сценарийлерін дайындап, уақытын белгілесін. Әрбір мерекенің тәрбиеленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан жоғары деңгейде дайындалуларыңыз қажет, сіздердің балалармен жүргізген жұмыстарыңыз осы уақытта көрінеді, - деді.

Әдістемелік кеңес төрайымы:



Ж.Ескараева

Хатшы:



П.Жунисова

Әдістемелік кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ №4

Әдістемелік кеңес тақырыбы: Әдістемелік кеңестің өткен жылғы жұмысын қорытындылау.

Жүргізілу түрі: Пікірталас

Күні: 13.05.2025 жыл

Күн тәртібінде:

№4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

Әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарын орындау қорытындысы.

2024 – 2025 оқу жылындағы балалар мен педагогтардың жетістіктері” Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг қорытындысы

Туындаған проблемалар мен қиындықтарды анықтау, оларды шешудің жаңа жолдары мен тәсілдерін табу

І ТЫҢДАЛДЫ: №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. №4 әдістемелік кеңесте мектепке дейінгі ұйымның топтарындағы «Балалар кітап бұрыштарының» жай-күйі, балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру жолдары, ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері, сондай-ақ «Ата-аналар мен балалардың бірлескен іс-әрекеті: Жаңа жылдық күнтізбені дайындау» шебер-сыныбының тиімділігі қарастырылып, бірқатар нақты тапсырмалар берілген болатын. Аталған шешімдердің орындалу барысы төмендегідей талданады. Әдістемелік кеңестен кейін барлық топтарда кітап бұрыштары қайта ретке келтіріліп, толықтырылды. Тексеру барысында бірқатар жыртылған, ескірген кітаптар анықталып, олар жаңасымен алмастырылды. Тәрбиешілер кітаптарды ұқыпты ұстау туралы нұсқаулықтарды балаларға жүйелі түсіндіруде. Әдеби-дидактикалық ойындар, кейіпкерлерді сипаттау, «Ертегіні тап», «Сурет арқылы ертегіні жалғастыр» сияқты тәсілдер белсенді қолданылуда. Әдістемелік кеңес шешімі толық орындалуда, балалардың қызығушылығы артқан. Балалар кітап туралы жобаларға белсенді қатысып, өздері кітап таңдау дағдыларын қалыптастыруда. Ата-аналар тарапынан оң пікірлер (балалар үйде ертегі тыңдауға құштар; отбасы уақыты пайда болды; бірге оқу дәстүрге айналып келеді) бар.

Әдіскер мен тәрбиешілер «Баламен кітапты бірге қалай оқу керек?» нұсқаулық парақшаларын таратты, ата-аналар жиналыстарында тақырыптық әңгімелер өткізілді. Шебер-сынып жұмысының нәтижелері «Ата-аналар мен балалардың бірлескен іс-әрекеті: «Наурыз туралы ертегі құрастыру» шебер-сыныбы барысында балалар ертегі құрастыруға қызығып, өз ертегілерін

мактанышпен ұсынды. Сонымен бірге қиындықтар да кездесті. Анықталған қиындықтар: Кейбір топтарда кітап сөрелерін жанартуға қосымша материал қажет. Ата-аналардың бір бөлігінің қатысу белсенділігі әлі де тұрақсыз. Оқу мәдениетін қалыптастыруға уақыт қажет, деп мынадай ұсыныстарды айтты. Наурыз мерекесіне орай «Ертегі оқу апталығын» ұйымдастыру, топтарға қосымша көркем әдебиеттер алу, «Әкелер оқиды» акциясын енгізу, балалардың өз ертегілерін құрастыру портфолиосын жасау. №4 әдістемелік кеңес шешімдерінің басым бөлігі толық орындалды. Жалпы алғанда, қабылданған шешімдер тиімді, мақсатты және сапалы орындалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: өткен әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы қанағаттанарлық.

II ТЫҢДАЛДЫ: Әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспарын орындау қорытындысы.

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева сөз алды. 2024–2025 оқу жылына арналған әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жанарту, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәрбиелеу мен оқыту сапасын жақсарту, балалардың дамуын қамтамасыз етуге бағытталған болатын. Жыл бойында бекітілген жоспарға сәйкес 4 әдістемелік кеңес, семинарлар, шебер-сыныптар, ашық іс-шаралар, мониторинг және талдау жұмыстары жүргізілді. Сіздерге жоспардың орындалу қорытындысы ұсынамын деп, жыл бойында педагогтерге арналған іс-шараларға тоқталып, жоспар толық орындалды, педагогтердің кәсіби деңгейі көтерілді, деді. Сонымен бірге, жыл ішінде оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру бойынша жүргізілген жұмыстарға тоқталып оқу қызметінің сапасы артқанын, әдістемелік қателіктер азайғанын айтты. Топтардағы дамытушы орта талаптарын орындау бойынша топтардың дамыту ортасы жанартылып, білім беру ортасының қауіпсіздігіне мониторинг жүргізілгенін, дамытушы ортаның сапасы жақсарғанын, ата-аналармен жыл бойы орындалған негізгі жұмыстарды атап өтті. Әдістемелік кеңестің жылдық жұмыс жоспары толық көлемде және сапалы орындалды. Оқу-тәрбие процесінің тиімділігі артты, педагогтер мен ата-аналардың өзара әрекеттестігі нығайды, балалардың дамуы бойынша оң динамика байқалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Өткен оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыстар қанағаттанарлық.

III ТЫҢДАЛДЫ: 2024 – 2025 оқу жылындағы балалар мен педагогтардың жетістіктері

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева 2024 – 2025 оқу жылындағы балалар мен педагогтардың жетістіктеріне тоқталып өтті.

2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы білім беру сапасын арттыру, балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, тәрбие мен оқытудың мазмұнын жанарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Жыл қорытындысы бойынша балалардың дамуында да, педагогтердің кәсіби жетістіктерінде де айтарлықтай оң нәтижелер байқалды.

Балалардың логикалық ойлау деңгейі көтеріліп, саны мен өлшемді салыстыру, қарапайым арифметикалық түсініктер бойынша дағдылары

жақсарды. Құрастыру, жапсыру, эксперимент жүргізуге қызығушылық артты. STEAM элементтері енгізілген оқу қызметтері балалардың зерттеушілік дағдыларын күшейтті. Көпшілік балалардың байланыстырып сөйлеу, сөздік қоры, дыбыстарды дұрыс айту дағдылары жақсарды. Ертегілер апталығы, «Балалар кітапханасы» жобасының нәтижесінде кітапқа қызығушылық деңгейі артып, балалар өз бетінше әңгіме құрастыруды меңгерді.

Балалар өзара қарым-қатынас жасауда, эмоцияларын басқаруда, топтық ойындарға белсенді қатысуда алға жылжыды. Қарым-қатынас мәдениеті, ынтымақтастық, көмектесу, кезек күту сияқты әлеуметтік дағдылар тұрақталды. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, музыка және би сабақтарында шығармашылық қабілеттері айқындалды.

«Қызықты саусақтар» вариативтік бағдарламасы бойынша ұсақ моторикасы айтарлықтай дамыды.

Мектепке оқуға психологиялық, әлеуметтік және танымдық тұрғыдан толық дайындық көрсеткіші жоғары. Балаларда оқу мотивациясы қалыптасқан, өз бетімен тапсырма орындау дағдылары нығайған.

Педагогтер облыстық, қалалық, аудандық деңгейдегі семинарлар, курстар, вебинарларға қатысып, біліктілігін арттырды. Ойын арқылы оқыту, ертегі терапиясы, ТРИЗ әдістері, театрландыру, жобалық оқу технологиялары белсенді қолданылды. Сабақтарда жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелі енгізу оқу сапасының өсуіне ықпал етті. Педагогтер әдістемелік кеңесте баяндама жасап, шебер-сыныптар өткізді. Өз тәжірибесін бөлісіп, әріптестеріне әдістемелік қолдау көрсетті. Бірнеше педагог республикалық, қалалық конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жыл бойында педагогтер топтардың дамытушы ортасын байыту, авторлық көрнекіліктер мен ресурстар дайындау бағытында жұмыс істеді. Балалардың даму көрсеткіштері оң динамиканы көрсетті.

Педагогтердің кәсіби деңгейі көтеріліп, жаңа әдістемелерді қолдануда белсенділік танытты. Топтардағы оқу-тәрбие ортасы жаңартылып, балалардың қауіпсіздігі мен жан-жақты дамуына жағдай жасалды. Ата-аналармен ынтымақтастық жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Жалпы алғанда, оқу жылы табысты аяқталды, жоспарланған мақсаттар толық орындалды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: балалар мен педагогтардың жетістіктері қанағаттанарлық.

IV ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша қорытынды мониторинг қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева сөз алып, Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін анықтау, әр бөлімдер бойынша даму динамикасын бағалау, педагогтердің әдістемелік жұмысына талдау жасап, келесі оқу жылына ұсыныстар қалыптастырылғанын айта келіп, әр бөлім бойынша топтар қорытынды нәтижелеріне тоқталды. Ерте жас тобында балалардың 82%-ы жас ерекшелігіне сай қарапайым қимыл-

қозғалыстарды меңгерді. Сөйлеу дағдыларында 75% қалыпты көрсеткіш: сөздік қоры кеңейген, қарапайым нұсқауларды түсінеді. Өз-өзіне қызмет ету дағдылары 70% деңгейінде. Сенсорлық дамуда (түстер, пішіндер, көлем) 68% оң нәтиже көрсетсе, кіші топта (2 жастағы балалар) Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша 79%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша 78%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту 80% – түстерді, пішіндерді, саны 5-ке дейін ажыратады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша 82% деңгейінде: ойынға қатысу, кезек күту, қарым-қатынас жасау. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: 76% құралдарды дұрыс қолданады. Ортаңғы топта Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша 79%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша 84%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту 83% – түстерді, пішіндерді, саны 5-ке дейін ажыратады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша 88% деңгейінде: ойынға қатысу, кезек күту, қарым-қатынас жасау. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: 85% құралдарды дұрыс қолданады. Ересек топта (4 жастағы балалар) Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша 89%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша 90%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту 88% – түстерді, пішіндерді, саны 5-ке дейін ажыратады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша 92% деңгейінде: ойынға қатысу, кезек күту, қарым-қатынас жасау. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: 89% құралдарды дұрыс қолданады. Мектепалды тобында (5 жастағы балалар) Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша 91%-ы байланыстырып сөйлеуге жақын деңгей көрсетті. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша 91% – дыбыстарды таниды, буындап оқуға дайын. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту 90% – санау, қосу, азайту элементтері, геометриялық фигураларды ажыратады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша 96% – мектепке бейімделу дағдылары қалыптасқан. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: 76% құралдарды дұрыс қолданады. Педагогтердің жүйелі жұмысы, мониторингке негізделген әдістемелік қолдауы нәтижесінде даму сапасы артты, деп тәрбиешілерге ұсыныстар айтты.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: қорытынды мониторинг нәтижесі қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Туындаған проблемалар мен қиындықтарды анықтау, оларды шешудің жаңа жолдары мен тәсілдері

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша балалардың даму динамикасы оң нәтиже көрсеткенімен, оқу-тәрбие процесінде бірқатар проблемалар мен қиындықтар анықталды. Бұл

мәселелерді талдау білім сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, балаларға жағдайды жақсартуға бағытталған.

Тіл дамыту және сөйлеу дағдыларыбойынша туындаған негізгі проблемалар мен қиындықтар кей балаларда байланыстырып сөйлеу дағдылары толық дамымаған; дыбыстарды дұрыс айтау, сөйлеу белсенділігінің төмендігі; сөздік қорының шектеулі болуы. Себептері: Үйде сөйлесу мәдениетінің төмендігі; Ата-аналардың баламен жеткілікті тілдік жұмыс жүргізбеуі; Баланың әлеуметтік ортаға кеш бейімделуі.

Танымдық даму және математикалық түсініктербойынша туындаған негізгі проблемалар мен қиындықтар логикалық тапсырмаларды орындауда қиналатын балалар саны аз емес; реттік санау, көлемді салыстыру, кеңістікті бағдарлау дағдыларында қиындықтар, дербес ойлау дағдысының жеткіліксіздігі. Себептері тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың жеткіліксіздігі; математикалық ойындардың аз қолданылуы; баланың жас ерекшелігіне сай жеке қолдаудың жеткіліксіздігі. Ұсақ және жалпы моторикабойынша туындаған негізгі проблемалар мен қиындықтар қарындашты дұрыс ұстау, сызық жүргізу, штрихтау қиындықтары, қимыл-қозғалыс үйлесімінің қалыптаспауы. Себептері саусақ моторикасын дамытуға арналған ойын-жаттығулардың жеткіліксіз енгізілуі. Баланың үйде қимыл белсенділігінің төмендігі.

Талдау көрсеткендей, оқу жылы барысында анықталған қиындықтар келесі оқу жылында мақсатты түрде жұмыс жүргізуді қажет етеді. Жоғарыда ұсынылған жаңа әдістер мен тәсілдерді жүйелі қолдану балалардың дамуын жеделдетуге, оқу сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби деңгейін көтеруге мүмкіндік береді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: қорытынды мониторинг нәтижесі қанағаттанарлық.

VI ТЫҢДАЛДЫ: Әртүрлі мәселелер.

СОЙЛЕДІ: әдіскер Ж.Ескараева жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығына сәйкес 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі. Ал, 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі болып табылады.

Өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығы – осы кезеңдегі ғана емес, сонымен қатар болашақты нақты болжайтын қоғам мен мемлекеттің маңызды көрсеткіші. Бүгінгі күні балалардың денсаулық мәселесі педагогикалық дәрежеден шығып, әлеуметтің маңызы болып табылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайтудың көптеген тәсілдері мен құралдары бар. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және нығайту – мектепке дейінгі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі. Оны іске асырудың тиімді түрі жаз мезгілінде балалардың демалысын ұйымдастыру болып табылады. Жазғы сауықтыру кезең – балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға қолайлы кезең. Балалардың таза ауада болуы балалар ағзасын нығайтады және шынықтырады, жан-жақты дамуына

жағымды әсер етеді. Мектепке дейінгі ұйымдар денсаулық сақтау дағдыларының тәрбиелеу, дамыту, сауықтыру-профилактикалық міндеттерін тиімді және оңтайлы шешу қажет. Осы орайда бөбекжайдың жазғы сауықтыру шараларының жоспары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде, бес білім беру саласы қамтылған жеңілдетілген түрде ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мен күн тәртібі және үш айға арналған өтпелі тақырыптық жоспары жасалынды. Ұйымдастырылған оқу қызметтері ойын түрінде өтіледі және әр жұма күні апталық тақырыпты қорытындылау есебінде топтар арасында музыка жетекшісімен және спорт нұсқаушысымен біргелікте тәрбиешілер ойын-сауық түрінде іс-шара өткізеді.

Балабақша мен отбасы жағдайында сауықтыру шараларын өткізуде тиімді технологияларды енгізу жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуды, ерте және мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық, қатынастық, шығармашылық қабілеттерін дамытуды, педагогтар мен ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

ШЕШІМІ

1. Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларын қалыптастыруда анықталған қиындықтарды жою мақсатында әр педагогке жеке бағытталған түзету-дамыту жұмыстарының жоспарын әзірлеу.

Жауапты: топ тәрбиешілері

Мерзімі: 2025 ж. қыркүйек

2. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын бекіту. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында коучингтер, шебер-сыныптар, ашық көрсетілімдер, Lesson Study жұмыстарын ұйымдастыру.

Жауапты: әдіскер

Мерзімі: жыл бойы

3. Ата-аналармен жұмысты жетілдіру. «Отбасылық оқу», «Шығармашылық шеберхана», «Бала тәрбиесінде ата-ананың рөлі» жобаларын жалғастыру.

Жауапты: тәрбиешілер

Мерзімі: жыл бойы

4.2. Ата-аналарға арналған практикалық кеңестер, ақпараттық парақшалар, бейнематериалдар дайындау.

Жауапты: әдіскер, педагогтер

Мерзімі: тоқсан сайын

5. Құжаттамамен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.

Топтардың оқу-тәрбие құжаттарын жаңа оқу жылына сәйкес жаңарту және толықтыру.

Жауапты: әдіскер
Мерзімі: 2026 ж. тамыз

6. Әдістемелік материалдар қорын толықтыру: дидактикалық ойындар, көрнекіліктер, мониторинг құралдары.

Жауапты: педагогтер
Мерзімі: жыл бойы

7. Әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау
Әдістемелік кеңестің барлық шешімдері уақытылы және сапалы орындалуы үшін бақылау әдіскерге жүктелсін.

Мерзімі: тұрақты

Әдістемелік кеңес төрайымы:
Хатшы:



Ж.Ескараева
П.Жунисова

"Cahaya" Bersama-Sama
Membina Bangsa
Majalah
Karya & Karya
Karya & Karya

